



Тақырыбы: Қайталау. Сайыс сабақ



Темасы: Қазақ әдебиеті



Сыныбы: 7

Мұғалімдері: Муханғалиева К.Д



Сабақтың мақсаты:

- Өткен тақырып бойынша алған білімдерін жинақтайды, тілдік қорлары дамиды,
- Тапқырлық, жылдамдық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастырады.
- Сөз өнерін дәріптейді, ұйымшыл, еңбекқор, білімді болады,



Ынтымақтастық атмосферасын орнату.

Топқа бөлу: Үш бидің атауы бойынша


Топ ұраны:

Төле би ауылы: Білікті бірді жығар,
Білімді мыңды жығар.

Қазыбек би ауылы: Қандай сынақ болсада
беріспе,

Әрқашан үміткерміз жеңіске.

Әйтеке би ауылы: Жарыс десе жанамыз
Бүгінгі күн жарыста
алғырлықпен аламыз.



Үй тапсырмасы: Қосымша сұрақтар

1. Әйтеке би нешінші жылы және қайда туған?

2. Қанша жасында би болды?

3. Билерді ата және оның жүздерін?


4. Нешінші жылы “Жеті жарғы” заңдар жинағын шығарды?



5. Үш би бірігіп не атқарды?

6. Қандай хандар уақытында билер биліктерін жүргізді?

7. “Қаз дауысты” деп кімді атаған?

8. Елшілікке қай би барған?





1.Кім тапқыр? ойыны

*Бүгін сағы сынды деп жақсыны басынба,
Қиын қыстау күн туса - сол табылар
қасыңнан.*



Асқар тау сенде бір мін бар-

Асу бермейсің;

Тасқын су, сенде бір мін бар-

өткел бермейсің;

Билер, сендерде бір мін бар-



Басқа газ сөз бермейсің!



*Алтын ұяң - Отан қымбат,
Құт береке – атаң қымбат,
Асқар тауың - әкең қымбат,
Мейірімді – анаң қымбат,
Туып- өскен елің қымбат.*



*Жігіттің жақсысы:
Дұрыс сөзге тоқтай білген,
Басқаны сөзіне тоқтата білген.*



2. “Полиглот” ойыны

Главный советник - **разыласу**

Официально – **құр қайту**

Дипломатические связи - **дау**

Навык – **бас кеңесші**

Особое влияние – **ресми түрде**


Полководец - **дағды**

Спор – **әскери қолбасшы**

Возвращатся ни с чем- **айрықша ықпал**

Перевал – **елшілік байланыстар**

Остаться довольным - **асу**



3. “Адасқан сөздер” ойыны

Шарты:Әр топ берілген уақыт ішінде “Адасқан сөздерді” тауып жылдамдықпен белгілеу қажет. Қай топ көп сөз белгілесе, сол топ жеңімпаз атанады.



4. “Мақал-мәтел” жарысы

Отансыз адам – ормансыз

Отан оттан да

Отанды сүю отбасынан

Отан-елдің анасы, ел-ердің


Туған жердің жуасы да

Ел іші- алтын

Әркімнің өз жері

Туған жердей жер болмас, туған елдей

Ер елі үшін туады-елі үшін



5. Көрініс: “Төле бидің жұмбағы”

Төле би: Уа, халқым, сөз қадірін білетін, сөз таныған жастарға 10 түрлі жұмбағым бар.

Айтсам жұмбағым мынау:

1,2,3,4,5,6,7,8,9,10

Дауыстар: Осындай жұмбақ бола ма екен?

Қазыбек би: Ұлы аға, бұл жұмбақты мен шешейін, рұқсат етіңіз:

Төле би: Рұқсат, Қаз дауысты Қазыбегім.

Қазыбек би:

Бір дегенің – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегенің – егесіп өткен ер жаман.

Үш дегенің – үш бұтақты шідерден шошынған ат жаман.

Төрт дегенің – төсектен безген жас жаман

Бес дегенің – белсеніп шыққан жау жаман.

Алты дегенің – асқынып кеткен дерт жаман.

Жеті дегенің – жас келіншек жесір қалса сол жаман.

Тоғыз дегенің – торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпесе сол жаман.

Он дегенің – кәрілікке дауа болмас.

Төле би: Рахмет, дәл тауып шештің, ойы да, тілі де жүйрік, тұлпарым менің.

Қазыбек би: Ал, Әйтеке, халқыңа сен не айтасың?

Әйтеке:



Уа, халайық!

Көсіліп шабар жерің бар,

Тау көтерген елің бар,

Атадан қалған сара жолың бар.

Тіл қадірін білер болсаңдар!



6. Тест сұрақтары:

1.Төле би кім?

- а) ақын
- ә) би
- б) жазушы

2.Қазыбек би нешінші жылы туған?

- а) 1665 ж
- ә) 1666 ж
- б) 1667 ж

3.Әйтеке би қандай таудың етегінде дүниеге келген?


- а) Қазанғап
- ә) Қазтуған
- б) Қазбибі

4.Үш бидің бірігіп шығарған заңдар жинағы?

- а) Жеті ата
- ә) Жеті жарғы
- б) Жеті саны

5.Билер қандай хандар тұсында билік етті?

- а) Тәуке,Болат, Әбілмәмбет
- ә) Жолбарыс,Сәмеке,Темір
- б) Тәуке, Сәмеке, Темір





Сабақты қорыту

Соңғы 5 минут

Бағалау: Топтық бағалау.

Мұғалімнің бағалауы

Екі жүрек - бір тілек.



Өткенді

қайталау